



1934 жылғы  
10 қаңтардан  
шыға бастады

# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы



29.06.2018

www.qazaqadabiet.kz — qazaqadabiet@gmail.com

Жаңа кітаптарға қарық боп, қолымыз жылынып қала ма деген едік. Одақ тарапынан 2017 жылға тиесілі санаулы ғана жинақ ұсынылды. Себебін білмедік.

«Арда» баспасынан жарық көрген Бақытжан Тобаяқовтың «Метоморфоза» жыр жинағы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған екен. Ондағы өлеңдер мен толғаулардың сол ынғайда топтастырылғаны байқалады.

«Тоганай Т» баспасына тиесілі Оразбай Байбақұлының «Парасат» жинағын парактай отырып, авторды мазаалаған сан мың ойдың дәрменсіз қалыпта, оқырманына мұн шағып, еріксіз күрсінділер жыр керуеніне кез боласын. Кейде күйіндіреді, бірде сүйіндіреді. Үнемі шабыт үстіндегі Оразбай ақынның бұл отыз бірінші жинағы екен. Қаламы мұқалмасалы.

Толыбай Абылаев «Қыран шайыр» жинағына ақын Зейнолла Шүкіров туралы дастаны мен лирикалық шумақтарын топтастырған екен. «Қыран шайыр» — Зейнолла Шүкіров. Азғантай ғана жалғанып жарығын төсек пен арбаның арасынан сығалатқан тағдырлы ақынға дастан арнау, әрине — құрмет қой. Алайда, автор қыр асып кеткен қыран шайырдың ақындық болмысын тым қарабайырландырып жіберген. Оның өмір жолын жалат баяндаумен шектеген. Көркемдігі жайлы сөз айту да қолайсыз. Мысал келтірейік: *Жанында жақсы ағалар, асыл іні, Жырына Қасымдардың ташық ұлы... Жақында тырнақалды берді жырғын, Аудандық «Соң Аралдай» басылымы.*

Немесе: *Бір сәттік бұл тіршілік... болар ғайып Тақпаңдар тірілерге сонан да айып. Бұрынғы обл. газет қызметкері, Ағасы Әбдіқарім Оңалбаев.*

Бұған енді не деуге болады? Өлеңнің тілі ме бұл? Өкпелі қалақтың ошағындағы отын қосегендей болмай, осы жерден тоқтай қалайық.

Осыдан он шақты жыл бұрын әдеби ортаға әуені, әуезі бөлек айшықты жырларымен танылып, өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан әлебір әріптесіміздің жолына бет бұрғаны бар. Сол-ақ екен, бұрынғы жазғандарына мүлдем көңілі толмайтындығын кездескен сайын қайталап, басқа да ақын әріптестерінің аласып жүргендігін көлденең тарта беретін. Бір сөзбен айтқанда, сөз патшалығына деген көзқарасы алақуындай аспанға көтеріліп кеткен болатын. Сөйтін, ақ қағазды Алла жолындағы мінәжат жырларға біржола метіліктеп тынды. Бұл да керек, әрине. Алайда, әдебиеттің еркін ойдың өрісі екеңдігін ұмыту қалай болмақ. Әсілі көркем дүниеде имани тақырыпты туындатыр о ішше бір бағыт есебінде ғана қабылдана керек. Құдайға құлшылық жасайық, бірақ әдебиетті намазға жығуға бола ма?

Белгілі ақын Дәулетбек Байтұрсынұлының «Ясин-нұр» жинағын парактай отырып, автордың қанша жерден мінәжат жырлар жазып жүргеніне қарамастан, өлең деген сипарды өзгенің дүниетанымына мін таушы емес, сырлас, дос, бауыр ретінде өрнектей білетініне ішім жылымық.

Итен Қарымсақұлының «Жаса, жарық күн»-і жайлы жинаққа алғы-сөз жазған Төреғали Тәшенов былай депті: «Бір қызығы, Итен ақын басқан ізіне қайтып қайырылмайды, қисық басса да, кері басса да, түзетуге әуреленбейді. Бояу, сырлау мен қырлау, әрлеу мен зерлеуді әу бастан жат көреді. Жылтыр сөз іздеп ыраштанбайды. Нені таңбаласа да, кемшілігіне қарамай табиғи болғанын қалайды. Сондықтан да, поэзия ырағы — асау арғымағы жорғалап



Жарас СӘРСЕК, ақын

*Шамданып тұр қазір сол ақын Өтпелі кезеңнен өткелі... — деп елең еткізген Нұргелді Әбдіғаниұлы дейтін ініміз. Үміт күтеміз осы баладан.*

Жалпы, осындай іріктелген әлемі жырларды топтастырып, жинақ боп жарыққа шығуына мұрындық болған Алматы облысының әкімі Амандық Баталовқа Тәңір жарылқасын айтамыз. Әттең тиражы аз. Бес жүз-ақ дана.

Болат Шарахымбайдың «Ауылға жазған арзулар» атты жыр жинағы қолымызға кеш тигендіктен оқып үлгермедік. Сондықтан бұл жинақ жайлы айтылар пікір алдағы күннің еншісінде.

орталығында көкек айының екінші онкүндігінде «Көкек айы — Гүлстан» атты Тыныштықбек ақынның сипаты бөлек шығармашылық кеші дүрілдеп өткен болатын. Сипаты бөлек дейтіміз — бұл басқосуда Исраил Сапарбаев, Жәркен Бөдеш, Темірхан Медетбек, Әбубәкір Қайран, Темірғали Көпбай, Қасымхан Бегманов, Бауыржан Жақып сияқты аға, орта буын өкілдерімен қоса, кейінгі жас перілер де Тыныштықбек өлеңдерін жатқа оқып, бір үйдің баласындай әдемі әсермен тарқасқанын көзіміз көрді. Жалпы, ақындарға кеш өткізудің осындай тәсілдеріне бет бұрғаны дұрыс па деп қалдық. Тыныштықбектің шығармашылық кеші Алматымен біткен жоқ. Эстафетаны Семей, Өскемен қалалары жалғастыруда. Жыр керуені тоқтамаса игі.

Өлең — тауар емес, әрине. Әйтсе де, оны оқырманға жеткізу автордың

қызмет жасап келеді. Бұл басылымдарға алғысымыз шексіз.

Шыға бастағанына биыл 10 жыл толып отырған «Үркер» журналы жыл сайын қырыққа жуық автор шығармаларын жариялайды екен. Өткен жылы жарық көрген Пакиза Арыстан, Жангелді Немеребай, Жұлдыз Бейсек, Айдана Қайсарбекқызы, Әсел Оспан, Айгүл Жұмаділ, Токтарбек Тауұлы, Мұратхан Орынтайұлы, Нұртас Тұрғанбекұлы, Мағиша Құнапияқызы, Жазира Бақаева, т.б. талантты ақындардың топтамалары көпке рухани азық.

Мойындайық, мойындамайық, қазір интернеттің заманы. Ол бір әлем. Жастар үшін ол бір жайлау. Топ-тобымен, лек-легімен сапырылысып жатқан өзінше бір әлем. Пайдалана білген адамға бұл да бір мінбе. Біздің аға, орта буын ақындарымыздың біразы осы әлемде өз аудиториясын қалыптастырып үлгірген десек те болғандай. Жаңа туындылардың жыршысы іспетті бұл әлемде қаламгерлеріміз пәтуалы сөз қозғап, кейінгілерге үлгі боларлықтай ойларымен де бөлісіп отырады. Олардың қатарында Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Аманхан Әлім, Серік Ақсұнқар, Байбота Қошым-Ноғай, Шәмшия Жұбатова, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Құл-Керім Елмес, Жанат Әскербекқызы, Бауыржан Бабажанұлы, Маралтай Райымбекұлы, Қуат Қайранбай, Дәурен Қуат, Сәкен Сыбанбай, Қазбек Иса, Қазбек Құттымұратұлы, Бақыт Беделхан, Бақытжан Алдияр, Жанарбек Әшімжан, Есей Жәнісұлы, Алматы Исәділ, Қалқаман Сарин, т.б. ақындарымыз бар. Бұлардың әрқайсысында бес мыңның үстінде өз оқырманы бар. Арыз да, хат та, қызу пікірталас та осы авторлардың жазбаларына қатысты өрбіп отырады. Осы тұста қаламгер қауымға наз ретінде жуырда әлеуметтік желіге жолданған ақын Құл-Керім Елеместің мына бір хатына аз-кем тоқтала кеткенді жөн көрдік. Ол бүй дейді:

«Қазақ қаламгерлерінің — менің әріптестерімнің тілдерін біреу тартып тастаған ба? Әлде ділдері өшкен бе? Әлде біреулерге сатылып кеткен бе? Әлде бүккен бір құпия-сырлары бар ма? Әлде оларға ұлтының керегі болмай қалған ба? Өздерін зиялы санамаушы ма еді олар. Зиялы болса, өздерінен халқына түсірер жарықтары, сәуелдері, қызметтері қайда?! Шығыста Қытай 2-3 миллион қандасының ерін (аталығын) қор, әйелін (аналығын) қатын, қартын ғапыл, жасын отын, жігерін құм, намысын құл қылуда. Бірақ олар ләмсіз. Неге? Қаламгерлер-ау, Сіздер халықтың тілі едіңіздер ғой, неге үндемеісіздер?»

Барша қаламгерлер атынан жауап беруге менде құқық жоқ. Алайда, бірауыз пікір айту парыз. Әрине, қаламгердің ағайыншыл емес, алашшыл болуын әркім қалайды. Автордың ортаға сауал тастауын қолдаймын. Кешегі Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан сияқты арыстардың ұлтшылдық мінезін бойына дарытқан қаламгерлер жоқ емес, бар арамызда. Арқамызға аяздай батқан түрлі мәселелер төңірегінде ойын ашық айтып, билікке сұқ саусағын көрсетіп те жүрген әріптестер жетерлік. Мәселе айтуға болса, бұғып қалып жатқан ешкім жоқ. Жау мен жақынның кім екенін, ақ пен қараның арасалмағын ажыратып барып арағайындық сөзін салмақтайтын қалам иелеріне оқыс қимыл тағы да жараспас еді. Писпеген пікір — шалшық сумен пара-пар. Онымен шөл қандыра алмайсың. Осы жерден тоқталадық.

## ТҮСІНУ ТҮСІНБЕУ



келе жатып, ойда жоқ жерден аяңға түсіп кетеді, кейде шоқырақтап желе жөнеледі, ара-арасында ағыза шауып та алады». Осыдан артық жанымыздан алып-қосарымыз жоқ.

«Тау мен өзен жырлары». Талантты әріптесіміз Ерлан Жүністің құрастыруымен жарыққа шыққан Жетісу ақындарының антологиясы осылай аталыпты. Ол сегіз бен қырық бес жас аралығындағы ақындар шығармаларын қамтыған бұл жинақның мәнінде сапалы шыққан. Жинаққа енген Жетісу шайырларының есімі әдеби ортаға жақсы таныс. Олардың қатарында Бақыт Беделхан, Жанарбек Әшімжан, Алағат Исәділ, Танақоз Толқынқызы, Ақсұнқар Ақылбаба, Мағиша Құнапияқызы, Роза Сейілхан, Есей Жәнісұлы, Жангелді Немеребай, Ырысбек Дөбейұлы, Ерлан Жүніс, Мақпал Мыса, Әсел Оспан, Токтарәлі Таңжарық, т.б. бас-аяғы тоқсанға жуық ақын бар. Арасынан өзіндік үні, өлеңдерінің бояуы бөлек жаңа есімге тап болдым. Ол:

*Ол өзін қояды анда да, мұнда да, Ішінен қызданп келеді мұңдана. Е, жоқ ол өлеңмен дұға оқып келеді, Сырласы — Тұл, Дала. Ол мына өлімге өмірге өкпелі, Қайтпады құстары. Әттеңі — келмеді көктемі. Бағдаршам — қызыл түс.*

Енді жеке кітапханамыздан орын тепкен бір-екілі авторға да тоқтала кетейік.

Әбіш Кекілбаевша айтсақ, «Біртүрлі ақын» — Тыныштықбек Әбдікәкімұлының «Атамұра» баспасынан жарық көрген жыр жинағы «Бесінші маусым» деп аталады.

*Қаламының арқасында мен не көрмедім, Қаламым не көрмеді менің арқамда, — деп өзі жырлағандай осы уақытқа дейін түрлі пікірлердің ашық алаңына айналған Тыныштықбек шығармашылығының қуаты бұл жинақта да артпаса, бәсеңсімеген. Қарапайым оқырман былай тұрсын, жазу үстелінің басында самайы ағарып, сақалы қоюланған сақа ақындардың өзі қабылдауы қиын поэтикалық-философиялық «қиын» дүниелер мұнда да бар. Алайда осы бір «қиын» дүниелеріне деген қызығушылық — ақын оқырманының қатарын молдатып, уақыт озған сайын өзіне ынтықтырумен келеді. Оған куә боп та жүрміз. Ашығын айтсақ, автор өз шығармасын түсіндіруге міндетті емес. Түсіну, түсінбеу — оқырман талғамына байланысты. Сондай-ақ, уақыт дейтін төрешінің алдына әлі ешкім шығып көрген жоқ.*

«Бесінші маусым» — ақынды оқырманмен жақындық таныстырды. Алматының қақтөрінде, нақтылай айтсақ, «Алатау» өнер

өз мойнына жүктелген мына заманда белсенділік қажет-ақ. Мардымсыз тиражбен жарық көрген жинақтың кейде ағайын-туыстан артылмайтыны тағы бар. Қалың оқырманын болмайынша миллиондап қаржы салып шығарған дүниенің тұтынушысы кім болмақ сонда? Сол үшін оқырман туысындай болуы шарт. Ол үшін, яғни оқырманнан туыс жасауға қарекет керек қашанда. Уақыт соны талап етіп отыр.

Қолымыздағы талантты ақын Мақпал Жұмабайдың «Мақпал шер» атты өзгеше жинағы уақыт талабының жемісі іспетті. Арнайы қорыппен басылып шыққан бұл жинақта Мақпалдың ұнтаспасы да бар. Мақамды жырларымен оқырманды еріксіз өзіне ынтықтырған ақынның бұл бастамасы құптауға лайық. Ақындығы, сазгерлігі, орындаушылығы қатар өрілген Мақпал ақынға тың ізденіс жолында сәттілік тілейміз.

Аймақтардағы оқырманға қаламгерлердің кітаптары жете қоюы неғайбыл. Бұл оқылықтың орнын бұл күнде баспасөз бен әлеуметтік желілер толтырып отыр. «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Ана тілі» сияқты апталық газеттер, «Жұлдыз», «Үркер», «Адырна», «Жамбыл», «Таңшолпан» сияқты журналдар әдеби шығармаларды үздіксіз жариялаумен руханиятқа қалтқысыз